

"Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 652 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2022 жылғы 30 маусымдағы № 538 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 шілдеде № 28745 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 652 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12848 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидаларын бекітілсін.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқаруышы

A. Муканова

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқаруышы
2022 жылғы 30 маусымдағы

№ 538 Бұйрықка
қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 652 бұйрығымен
бекітілген

Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидалары

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидалары "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 162-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өзірленген және атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Атқарушылық құжаттарды бөлу тәртібі

2. Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлуге:

1) жеке сот орындаушыларының өнірлік палаталарына (бұдан әрі – өнірлік палата) қағаз жеткізгіште немесе электрондық құжат нысанында келіп түскен атқарушылық құжаттар қоса беріледі.

2) лицензиясының қолданылуы тоқтатыла түрған, тоқтатылған немесе жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасының (бұдан әрі – Республикалық палата) мүшелігінен шығарылған, ұзақ уақыт (бір айдан астам) болмаған, аумақтылығы бойынша келіп түскен жеке сот орындаушыларының орындаудың атқарушылық іс жүргізулер жатады.

3) атқарушылық құжаттардың жекелеген санаттарын орындауға маманданған жеке сот орындаушыларының кенселерін құру, қайта ұйымдастыру немесе жабу кезінде жұмыс істеп түрған жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттары жатады.

Атқарушылық құжаттарды өнірлік палата атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АІЖ ААЖ) арқылы бөледі.

3. Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) борышкердің тіркеу орны және жеке сот орындаушысының кенесі;
- 2) алимент төлемдерін өндіріп алуға маманданған жеке сот орындаушысының етініші.

Атқарушылық құжат борышкер тіркелген жерге сәйкес келетін ауданың, қаланың жеке сот орындаушылары арасында бөлінуге жатады. Ауданда жеке сот орындаушысы болмаған кезде атқару құжаты осы ауданға бекітілген жеке сот орындаушылары арасында бөлінеді.

Атқарушылық құжаттарды борышкердің тіркелген ауданына тіркелмеген немесе бекітілмеген жеке сот орындаушыларына бөлуге жол берілмейді.

Өнірлік палата басшысының, оның орынбасарының ақы төленбейтін лауазымын, сондай-ақ Республикалық палатаның басқару органдарында ақы төленбейтін өзге де лауазымды бір мезгілде атқаратын жеке сот орындаушыларына олардың тиісті өтініші негізінде атқарушылық құжаттарды бөлуді тоқтата тұруға жол беріледі.

Өндіріп алушының өтініші болған кезде атқарушылық құжат өтініште көрсетілген немесе борышкердің тұрғылықты мекенжайында бекітілген жеке сот орындаушысына бөлінеді. Мұндай арыз болмаған жағдайда атқарушылық құжат жеке сот орындаушылары арасында бөлінуге жатады.

4. Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушыларына бөлуді және беруді өнірлік палата олардың өнірлік палатаға келіп түсүіне негіз болған мән – жайлар басталған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады, ал сот актісі дереу орындалуға жататын жағдайларда – атқарушылық құжат келіп түскен кезден бастап дереу жүзеге асырылады.

5. Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттардың біркелкі бөлінуін бақылау Республикалық палатаға жүктеледі.

6. Өнірлік палатадан қағаз жеткізгіште келіп түскен атқарушылық құжаттарды қабылдауды жеке сот орындаушылары үш жұмыс күні ішінде қолма-қол жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушысының кеңесі Республикалық маңызы бар қалалардан, облыс орталықтарынан тыс жерлерде орналасқан жағдайда, атқару құжаты алғаны туралы тиісті белгісі бар тапсырыс хатпен жіберіледі.

Атқарушылық құжатымен бірге оған қоса берілген материалдар берілуғе тиіс.

7. Атқарушылық құжатты алған жеке сот орындаушысы бұл туралы өндіріп алушыны үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу туралы есеп АІЖ ААЖ -да қалыптастырылады.

8. Жеке сот орындаушысы лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған немесе Республикалық палата мүшелігінен шығарылған, уақытша ауыстырылған (еңбек немесе оқу демалысы, науқастануы, іссапар) жағдайларда атқарушылық іс жүргізу материалдарын басқа жеке сот орындаушысына беру туралы тиісті өнірлік палатаға үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК